
Мақалада жаһандану үрдістерінің салық саясатына тигізетін оң және теріс әсерлері қарастырылған. Сонымен қатар, аймақтану және интеграция салық саясатын дамыту мәселелері талқыланды.

Positive and negative influences of globalization processes on tax policy of the state are considered in article. Also problems of developing the tax policy in conditions of regionalization and integration are discussed.

А.К. Бейсенбаева

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДАЙЫН ӨНІМ ЖӘНЕ ТАЛДАМАЛЫ ЕСЕБІНІҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Бүгінгі күні соңғы он жылдан астам мерзімде болған экономикалық өзгерістер қоғамдық тамақтандыру орнындарының халыққа қызмет көрсету көрсеткіштеріне әсер етіп, тұтынушылық сұраныс деңгейін төмендетті.

Халықтың табыстылығының төмендеуі осы салаға әсер етуші фактор болып табылғанмен, саланы дамытудың жолдары қарастыру мүмкіншіліктері мен ұйымдастырудың жолдарын жетілдіру шаралары жүргізу тиіс болды.

Осы негізде алғы шарт өнімдер мен тамақ дайындау жетік технологияларды пайдалану, олардың есебін дұрыс әрі нақты жүргізу, шаруашылық операцияларын тіркеу және құжаттау, шығындарды есептеу міндеттерін орындау керектігін міндеттеді. Демек қоғамдық тамақтандыру орындарындағы дайын өнімнің өндірістік үрдісіне – дайындаудан өткізу кезеңіне аса назар аударылуы тиіс.

Қоғамдық тамақтандыру орындарындағы дайын өнім есебі – негізгі және қосалқы тамақ дайындау цехтарының сатуға арналған өнімге жүргізілген есептілік. Дайын өнімнің өндірісте жасалғаны, оның мемлекеттік стандартқа немесе техникалық шарттарға сәйкестігі, техникалық бақылау (сынау) қызметінен өткендігі, паспорты, сертификаты (яғни сапасы) және басқадай құжаттармен куәландырылғаны, өндіру бөлімдеріне тапсырылғаны, тапсырыс берушілер мен тұтынушылардың қабылдап алғаны және басқа жайлары – міндетті түрде актімен рәсімделетіні шарт.

Дайын өнімнің нақты өзіндік құны өндіруге кеткен нақты шығындардың көлемімен анықталатындықтан өндіруге кеткен шығындардың есебі өзіндік құнды анықтауға байланысты белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Дайын өнім бухгалтерлік есепте нақты және өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Оның құрамына негізгі құралдарды пайдалану, шикізат, материалдар, жанар-жағармай, энергия, еңбек ресурстарына кеткен шығындар және басқа да шығындар жатады.

Өткізілген өнім бухгалтерлік баланста нақты толық өзіндік құн негізінде көрсетіледі, оның ішінде өнімді өндіруге кеткен шығындармен қатар өнімді өткізуге кеткен шығындар кіреді. Толық және өндірістік өзіндік құнның айырмасы өндірістен тыс шығындарды құрайды, олар сатумен байланысты шығындарды көрсетеді. Бұл кез келген жағдайда өнімді сатуға кеткен шығындар өткізуге дейінгі дайын өнім есебіне аударылуының тиісті еместігін көрсетілгендіктен «толық өзіндік құн» термині дайын өнім мағынасында қолданылмайды.

Тамақ дайындау цехынан шығарылған өнім дайын өнім қоймасына өткізіледі. Цехтан қоймаға өнімді өткізу барысында жүкқұжат толтырылады, онда қабылданған өнімнің цех номері, қойма номері, өнім атауы, номенклатуралық номері, қоймаға өткізілген өнімнің саны, есепті бағасы мен жалпы сомасы көрсетіледі.

Көптеген тамақ дайындау орындары егер өнімді сыртқа шығаратын болса жүкқұжат қолданылады. Онда бірнеше күн барысында бірнеше өнім бойынша тіркеу реестрін толтырылады. Көбінесе жинақтаушы жүкқұжаттың орнына бір реттік жүкқұжат

қолданылады. Олар әр өнім шығарылуына байланысты толтырылады. Егер өнім бір реттік тапсырыстар бойынша өндірілсе, онда жүкқұжатта тапсырыс құрамына кіретін барлық өнімдер, келісім-шарт номері көрсетіледі.

Күрделі және көп құрамдас өнім шығарылу барысында жүкқұжаттың орнына акт толтырылады. Онда өнім атауы, саны, бағасы, сондай-ақ өндірілген өнімнің аяқталғаны, құрамының толықтығы, техникалық шарттарға сай келетіні көрсетіледі.

Жүкқұжат дайын өнім қойма есебінің карточкаларындағы жазуларынан кейін бухгалтерияға өткізіледі. Онда өнімнің шығарылуы туралы ақпарат қалыптасады және есебі жүргізіледі. Атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің бастапқы құжаттары да бухгалтерияға тапсырылады.

Ағымдағы кезеңдегі шығарылған өнім туралы ақпарат жалпылау үшін жинақтау ведомості қолданылады. Онда жүкқұжаттар мен акттерден ауысымдағы немесе жұмыс күніндегі шығарылған өнім туралы ақпарат енгізіледі.

Қарапайым нұсқада дайын өнімді синтетикалық шотта, 1320 «Дайын өнім», нақты өндірілген өзіндік құны бойынша сипаттайды. Алайда бөлек тауарлардың аналитикалық есебі бағалар бойынша жүргізіледі.

Нақты өзіндік құны бойынша дайын өнімді кіріске алу бухгалтерлік жазбада дебетінде 1320 «Дайын өнім», ал кредитінде 8110 «Негізгі өндіріс» бойынша субшоты көрсетіледі. Өткізілген немесе тапсырылған өнім жеткізу шартына байланысты 1320 «Дайын өнім» шотынан кредиттеліп, 7010 «Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» дебет шотына аударылады. Бухгалтерлік баланста дайын өнім нақты өндірістік өзіндік құнымен көрсетіледі.

Есеп жүргізудің журнал-ордер нысанында шығарылған өнімнің нақты өзіндік құны 10 журнал-ордерде дебетінде 1320 «Дайын өнім» шоты, ал кредитінде 8110 «Негізгі өндіріс» шоты көрсетіледі.

1320 «Дайын өнім» шоты – активті, инвентарлық болғандықтан төмендегі шарттар орындалуы тиіс:

- Шоттың сальдосы кәсіпорын қоймасындағы дайын өнімнің нақты өзіндік құнының қалдығын көрсетеді;
- дебеті бойынша айналым – сатып алушылардың қайтарған шығарылған өнімнің нақты өзіндік құны;
- кредит бойынша айналым – есепті айдағы тиелінген өнімнің нақты өзіндік құны.

Қоймадағы дайын өнім есебі жедел-бухгалтерлік әдіс бойынша, яғни өнімнің әр бір номенклатуралық номері бойынша материалдар есебі карточкасы ашылады (ф. № М-17). Дайын өнімнің түсуі мен өткізуіне байланысты құжаттар негізінде қоймашы карточкаға өнім саны мен әр бір жазбадан кейінгі қалдықты есептейді.

Бухгалтер қоймада күн сайын өткен күндер бойынша құжаттар қабылдауы тиіс. Қойма есебінің дұрыс жүргізілуі қойма есебінің карточкасындағы бухгалтердің қолымен расталады. Жауапты тұлға қоймалық есеп карточкасының негізінде ай сайын дайын өнім қалдықтарының, өлшем бірлігінің, санының есебінің ведомосін бухгалтерияға өткізеді. Мұнда бухгалтерлік есеп пен қоймалық есеп негізінде тексеру жүргізіледі. Шығарылған дайын өнім өндіріс сферасынан айналым сферасына ауысады. Бұл процесс бастапқы құжаттарда – жүкқұжаттарында, акттарда, ведомосттерде, жоспар-карталарында және басқа да құжаттарда тіркеледі. Дайын өнімнің шығарылуы және оның тиелуі жүкқұжаты бұйрық негізінде, оның ішінде екі құжат: қоймаға берілген бұйрық және шығаруға берілген жүкқұжаты, негізінде толтырылады. Қоймаға бұйрықты сәйкес бөлім сатып алушылармен келісімнің шарттары негізінде береді. Келісімде сатып алушының атауы, оның коды, өнімнің саны мен ассортименті және тиелу мерзімі көрсетіледі. Өнімнің сатылуы және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерден түскен кірістер кез келген кәсіпорынның қаражаттар айналымының соңғы стадиясын сипаттайды. Сатудан түскен табыс және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қалыпты қызметтен түскен кірістерді көрсетеді.

Көрсетілген қызметтен түскен кірістер бухгалтерлік есепте келесі шарттар орындалған кезде ғана табыстылығы мойындалады:

а) кәсіпорын бұл табысты келісім-шарт немесе басқа да құжат негізінде алуға құқығы болса;

б) табыс сомасы анықталуы мүмкін;

в) белгілі бір қызмет нәтижесінде кәсіпорынның экономикалық пайдасының көбеюінде сенімділіктің негізі болуы;

г) өнімге меншік құқығы кәсіпорыннан сатып алушыға берілгенде немесе қызмет көрсетілгенде;

д) бұл қызмет нәтижесіндегі шығындарды анықтау мүмкіндігі толық болған жағдайда.

Бухгалтерлік есепте кәсіпорынның табысы ақша қаражаттарының және басқа да мүліктен түскен табысына және дебиторлық борыштың мөлшеріне тең көлемдегі ақша қаражаттарымен сипатталады.

Егер де түскен ақша қаражатының көлемі табыстың тек бір бөлігін құраса, онда қалған бөлігі бухгалтерлік есепте дебиторлық борыш ретінде көрсетіледі, яғни табыстың немесе дебиторлық борыштың мөлшері кәсіпорын мен сатып алушының арасында жасалған келісім-шарт негізінде белгіленген бағамен анықталады. Егер келісім-шартта баға белгіленбесе, онда оның бағасы ұқсас өнім бағасымен анықталады.

Сонымен қатар кәсіпорын коммерциялық несие негізінде өнімдер мен тауарларды сату, жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету кезінде табыс бухгалтерлік есепте дебиторлық борыш ретінде көрсетіледі.

Дебиторлық борыштың мөлшері кәсіпорынның келісім-шартқа сәйкес берілген жеңілдіктерін ескере отырып анықталады.

Сату бағасы бекітілген кезде франко көрсетіледі, яғни жабдықтаушыдан сатып алушыға өнімді жеткізу шығындарын өтейтін заңды тұлға бойынша, тағайындау франко-станция тасымалдау шығындарын жабдықтаушы төлейтінін білдіреді және олар сату бағасына кіреді. Жөнелтім франко-станция жабдықтаушы шығындарды тек вагондарға тиегенге дейін ғана төлейтінін мойындайды, яғни барлық басқа тасымалдау шығындарын сатып алушы өз мойнына алады.

Тауарлы-транспорттық, темір жол жүкқұжаттар және басқа да құжаттар негізінде өнімді жіберу үшін қаржы бөлімінде немесе бухгалтерияда сатып алушылармен банк арқылы есеп айырысу үшін бірнеше данада төлем тапсырмасы немесе төлем талап тапсырмасы жазылады.

Төлем-талап тапсырмасының көрсеткіштері күн сайын өнім өткізу мен есеп ведомосінде жазылады. Ведомостыта төлем-талап тапсырмасының күні мен номері, жабдықтаушының атауы, өнім саны, сомасы көрсетіледі. Ведомость жөнелтілген тауарлардың аналитикалық есебінің нысаны болып табылады. Дайын өнімді ведомостыта есепті және шығару бағаларымен бейнелейді.

Жөнелтілген дайын өнім өткізу бағалары бойынша (ҚҚС-ті қоса есептегенде) дебетінде 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық борышы» шотында, ал кредитінде 6010 «Өнімді өткізу мен қызмет көрсету» шотында көрсетіледі.

Бір уақытта жөнелтілген өнімнің өзіндік құны дебетінде 7010 «Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны» шотында, ал кредитінде 1320 «Дайын өнім» шотында көрсетіледі. Кәсіпорын табысының сомасынан қосылған құн салығын есептейді.

Есептелінген қосылған құн салығының сомасы дебетінде 1210 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық борышы» шотында, ал кредитінде 3130 «Қосылған құн салығы» шотында бейнеленеді. Бұл жазба кәсіпорынның бюджет алдындағы ҚҚС бойынша қарызы бейнеленеді және бюджетке ақша қаражаттарын аудару міндетін жүктейді.

Өткізілген жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің құны нақты немесе нормативті (жоспарлы) өзіндік құны бойынша кредитте 8010 «Негізгі өндіріс» шотынан, дебетте 1320 «Дайын өнім», 7010 «Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны» шоттарынан шығарылады. Егер өнімді сатудан, қызмет көрсетуден түскен табыс анықталмаса, онда ол

есепте өнімді өндіруге, қызметті көрсетуге кеткен шығындармен анықталады. Бұдан кәсіпорынның есепті жүргізу саясатының келесідей ақпараты көрсетілуі тиіс:

- кәсіпорын табысының анықталу тәртібі (әр этап бойынша немесе барлық этаптар бойынша);

- қызметтердің, өнімдердің дайындығын анықтау жолы.

Өнімді өндіру мен өткізу көлемі бір-бірімен тығыз байланыста болатын көрсеткіштер болып табылатындықтан өндірудің шектелген мүмкіндігі және шексіз сұраныс жағдайында бірінші орынға өнімді өндіру көлемі шығарылады. Бірақ нарық пен бәсекеге байланысты сату көлемін кәсіпорын емес, керісінше, мүмкін болатын сату көлемі өндіріс бағдарламасының негізі болып табылады. Кәсіпорын есептілікте тек өткізілетін тауар көлемін көрсетуі керек.

Өнімді өндіру және өткізу көлемінің өсу қарқыны, оның сапасының өсуі кәсіпорынның шығындарына, пайдасына және рентабельдігіне тікелей әсер етеді.

Дайын өнімді бухгалтерлік есепте нақты құны бойынша көрсету оңтайлы болғанымен, кәсіпорындар бұл әдісті жиі қолдана бермейді. Өндірілген өнімнің нақты құны тек есепті айдың соңында құрылуы мүмкін. Бұл кезде өнімді өндіруге кеткен барлық шығындар анықталады. Сондықтан бұл әдісті қолдану барысында оны шығару мен өткізу сатылары бойынша өнімнің өзіндік құнын анықтау мүмкін емес.

Бұл есеп жүргізу әдісінде бір өнімнің өзіндік құны әр уақытта әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан дайын өнімді өткізу кезінде ол келесі әдістердің бірімен есептен шығарылуы қажет:

- бірліктің өзіндік құны бойынша;
- орташа өзіндік құны бойынша;
- ФИФО әдісі бойынша.

Егер дайын өнім есебі нормативті өзіндік құн немесе келісілген баға бойынша жүргізілсе, онда нақты құн мен дайын өнімнің есептік бағалары бойынша құнының айырмасы 1320 «Дайын өнім» шотында бөлек субшот ашылып «Дайын өнімнің нақты өзіндік құнының есептік құнынан ауытқу» субшоты бойынша ескеріледі. Бұл субшотындағы ауытқулар номенклатурада ескеріледі. Нақты өзіндік құнның есептік құннан ауытқуы көрсетілген субшоттың дебетінде және шығындар есебінің шотының кредитінде бейнеленеді.

Осы есеп жүргізу жолдарын ескере отырып, қоғамдық тамақтандыру орнындарындағы шаруашылық операцияларының жинақтамалы және талдамалы есебін жетілдіру шараларын жетілдіру, яғни есепті толық автоматтандыру, ішкі өндірістік есептемелерді қысқарту, тұтынушылар сұранысының деңгейін негізге ала отырып тамақ өндіру үрдісін бақылауды жетілдіру үшін өндірістегі шикізат көлемін түгендеу, материалдық-техникалық базаны тиімді қолдану және шығындарды азайту есебінен рентабельділікті жоғарлату бағытын анықтау.

Әдебиеттер

1. Ефимова О. П. Экономика гостиниц и ресторанов: Учеб. пособие под ред. Н. И. Кабушкина. – М.: Новое знание, 2004. – 392с. – (Экономическое образование).
2. Панова Л. А. Организация производства на предприятии общественного питания Уч. пособие – 2-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и Ко», 2005. – 320с.

В данной статье рассмотрено порядок ведения и совершенствования учета готовой продукции в общественных питаниях.

This article describes the procedure for maintaining and improving the accounting of finished products in catering.